

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ОҢДУСТИК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның  
70 жылдығына арналған

**«ҚАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МУРА НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІН  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ»**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической конференции  
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЁЖИ НА  
ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ»,**  
посвящённой 70-летнему юбилею доктора филологических наук, профессора Алмы  
Кыраубаевой

MATERIALS  
of the Republican scientific and practical conference  
**"ACTUAL PROBLEMS OF EDUCATION OF YOUTH ON THE BASIS OF  
NATIONAL SPIRITUAL CULTURE",**  
dedicated to the 70th anniversary of doctor of Philology, Professor Alma Kyraubayeva

Шымкент, 2017

Әділова Ш.Д.	
ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КҮЙІШ СУГР БЕЙНЕСІ.....	254
Қазыбек Г.Қ.	
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫң ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	258
Мамыт А.А., Ташимов Э.Н.	
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МУРАЛАРДАҒЫ АЛАТАУ БАТЫР БЕЙНЕСІ.....	262
Мұхтарова А.С., Мамасева Г.Б.	
«ҚАН МЕН ТЕР» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ.....	266
Серікбай Наурызбай	
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫң БОЙЫНДА ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ДАМЫТУ- ДЫҢ ҮНТАЛАНДЫРУ.....	270
Сырманова К.К., Богашев Е.Т., Калдыбекова Ж.Б., Ривкина Т.В.	
АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ ПОЛИМЕРНЫХ БИТУМНЫХ КОМПОЗИЦИЙ.....	273
Сырманова К.К., Калдыбекова Ж.Б., Байжанова Ш.Б., Абзолова Да.А.	
ИССЛЕДОВАНИЕ ЗАЩИТНЫХ СВОЙСТВ МОДИФИЦИРОВАН- НЫХ ЭПОКСИКСИЛИТАНОВЫХ ПОКРЫТИЙ.....	278
Шегенбаев Н.Б., Байдосова А.А., Сералиева Ү.О.	
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАН - ЖАҚТЫ ДАМЫТУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ.....	281
Жұмашова А.А.	
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң ТОҚЫМА ЖӘНЕ КИЗ БАСУ ӨНЕРІ.....	285
Кемелова Қ.Ш.	
ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҚОЛӨНЕР БҮЙЫМДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	291
Кешекова А.А., Мынбаева А.П., Куанбаева Ж.	
ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ АТ ОБРАЗЫНЫң ШЫҒУ ТАРИХЫ.....	294
Омаров Т.Қ., Қалтайқызы Г.	
ЖАС ЖАЗУШЫ М.МӘЛІКОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҢАШЫІ ӨРІС.....	296
Джалилов Х.Х.	
АСҚАБАКТЫң ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ .....	300
Ибрагимов Ф.Р.	
ҚЫЗЫЛ МИЯНЫң ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Курвантаева Ш.Х.	
АСБҮРІШАҚТЫң АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ... ..	306
Мұждабаева Г.К.	
КАРТОГРАФИЧЕСКАЯ ГЕНЕРАЛИЗАЦИЯ НА ОСНОВЕ ГИС- ТЕХНОЛОГИЙ .....	309
Ибрагимова Ж.А. Нурмуханбетова К.К.	
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСУЙГШІТК ТӘРБИЕЛЕУ- ДІҢ МАҢЫЗЫ.....	312

Исабек Б.Қ., Нурмуханбетова К.К., Ибрагимова Ж.А.	
ҰЛТТЫҚ МУЛЬТФИЛЬМДІ ҰСЫНУ АРҚЫЛЫ ОТАНСУЙГШІТК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	315
Маханова Г.Б.	
РЕАЛЬНОЕ ОТРАЖЕНИЕ ЯВЛЕНИЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ В ПОЭЗИИ А.С.ПУШКИНА И АБАЯ КУНАНБАЕВА.....	318
Тәнірбергенов М.Ж.	
ҚҰРАСБЕК ТЫНЫБЕКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҮНДҮЛҮҚТАР.....	323
Пернебаев А.А.	
ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСТАРДЫҢ АЛҒЫШАРТ- ТАРЫ.....	326
Расулов П.	
ТУРКІСТАН ӨҢДІРІНІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫң ТУРИСТТІК МАҢЫЗЫ.....	329
Арышгазиева Б.Б.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫң ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН БОЛАШАФЫ.....	332
Сайбиева Диляфруз	
ӘЛЕУМЕТТЕНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИНФОРМАТИКАНЫң МАҢЫЗЫ.....	337
Сырайлова Р.Т., Ташмұхамедова А.	
ҚҮЙ ӨНЕРІН ДӘРІПТЕГЕН КЕЙБІР АҚАН ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ- ЛАРДЫҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ.....	340
Усманова Да. Т.	
МУНАЙ ХИМИЯСЫ ӨНДІРІСІНІң ЕЛ ӘЛЕУЕТІНДЕГІ ОРНЫ.....	343
Смаилова М.С.	
АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	347
Латиф А.С., Сапарбекова А.А., Махатов Ж.Б.	
ОЦЕНКА НА СОДЕРЖАНИЕ САХАРОВ ЗЕЛЕННОЙ МАССЫ СОРГО.....	351
Анарбаев Қ.С., Наурызова Қ.Қ., Абилаханова А.М.	
ҚАЗАҚТЫң ТАРИХИ САНАСЫНЫң ТҮП ҚАЗЫГЫ – ФОЛЬКЛОРЫ.....	355
Анарбаев Қ.С., Сағындыкова Б.Е., Қылышбаев А.Д.	
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІГІ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАСЫН САҚТАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІң КЕЙБІР ТҮСТАРЫ.....	358
Қазыбекова А.Ж., Ибрагимов О.М., Бүркіт Ә.Қ.	
ҚАЗАҚ ӘДЕБІЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҮНДҮЛҮҚТАР – ҚАЗАҚ ТӨЛМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРЕІ.....	364
Қылышбаев А.Д., Агулыкова Ү.А., Елханова Г.А.	
ДІННІЦ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ МЕН ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕ- ЛЕУДЕГІ ОРНЫ.....	369
Шинтемирова Алмагуль Малкаждаровна	
КОЖА АХМЕТ ИАССАУИ - ЧЕЛОВЕК СВОЕЙ ЭПОХИ.....	372

қойылатын талап окушылардың мүмкіншілігіне, яғни даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму үрдісінің көзіне айналады.

Ұлт ойындарын дидактикалық материалдар ретінде пайдалану бірынгай ойын сабактарын өткізу деген сөз емес. Оны тиімді пайдаланудың жолдары бар. Ол сабактың тиімділігін арттырып, окушылардың сабактың әр кезінде сергектікпен жұмыс істеу қабілетін сақтауга мүмкіншілік береді.

Ойын адам баласының алғашкы және саналы әрекеті. Кейін табигат құбылыстарының өзегеруіне байланысты, адам баласының сан жағынан осіп, кобейуіне карай тұрмыс, күн коріс әрекеті сибек етіп өз өмірін сактап қалу қамын жасауға экелді, оны өз тұрмысын женілдету ол үшін тамак тауып жан сақтау кам-карекетіне мәжбур етті. Өмірдің осы қайшылыктарын ойлауга, оны шешуге талпының жасауға, ойлылыққа жетеледі. Осыдан келіп саналы әрекет күрделене түсті. Ендектен бос кезінде ол әрекетсіз отырмайтын болды. Ендек пен ойын әрекеті адам баласын саналылыққа жетеледі. Әрбір ру, тайланың өзінің сүйіп ойнайтын, қайталап ойнайтын тұрмыс-салт ойындары қалыптасты. Ол кейін ру, тайпалар осіп, халыққа, одан кейін ұлтқа ұласып өскенде әр халық пен ұлтты бір-бірінен әрекшелеп тұратын ұлттық ойынға ұласты[3]. Адам баласының қоғамдастырылған алғашкы дәүірінде ұлт ойындары әмбебаптық рөл атқарды. Оның диапозоны, колданыс әрекеті кең болды. Ұлт ойындары сан салаға бөлініп, адам баласын ойлылыққа, саналылыққа баставы. Дене жаттықтыру деңе шынықтыру, денсаулық кепілі, салауатты өмір тек ойын арқылы іске асты.

Ұлттың негізгі әрекшелігі оны басқаларға ұлт ретінде танытатын тіл десек, бала сол тіл негізін ойын үстінде менгеріп, үйреніп, ілгері дамытады. Әдет-тұрып, салт-саны, дәстүр ұлтты өзінше көркейтіп, басқалардан әрекшелеп көрсететін құбылыс десек, соның барі балага жастайынан беріледі. Оны бала ойын үстінде қабылдап, ұжымдық өмірдің алғашкы сабагын алады. Адам бойында ділді (менталитетті) қалыптастырылатын да ұлттық ойындар. Ол бұл салада күнбес-күнгі өмір барысында көзге көріней, бала бойына біртіндеп кіріп, бүкіл өміріне негіз қалайды.

Ұлттық ойындардың бойындағы осы қасиеттері бүгінгі егемен елдің өз әрекшелігін айқындал берегін, тілін, ділін айқындағын өткен тарихынан хабар беріп, ойлау жүйелерінің ұлтқа тән логикалық негіздерін қалайтын, денсаулығын оңдан, салауаттың өмір салтын мұра тұтқан жан-жакты дамыған дара тұлғаларды қалыптастырылатын адам өмірінің даму барысында басқа да тәрбие құралдарымен астаса отырып, бүгінгі егемен елдің белсенді азаматтарын тәрбиелеуге өз үлестерін қосатын пәрменді құрал.

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік негіздерін бір сөзben айтып жеткізуе болмайтын, күрделі іс-әрекеттердің басын құрайды. Ұлт ойындарының жастанға берер тәрбиелік негіздерін, олардың тәжірибедегі колдану мүмкіншілігін пайдалы салмагын ескере отырып, былайша тоptастырмакпаз. Атап айтқанда: Ақыл-ой тәрбиеци, адамгершілік тәрбиеци, деңе тәрбиеци, деңе саламаттылығы тәрбиеци, салауатты өмір салты тәрбиеци, еңбек тәрбиеци, эстетикалық және өнер тәрбиеци, патриоттық тәрбие, интернационалдық тәрбие т.б.

Сонымен қатар, бүгінгे күнге дейін тәрбиеін ең басты кемшіліктері ұлдарды да, қыздарды да бір әдіспен бір мазмұнда тәрбиелеп және бала тәрбиеінде олардың жеке қасиеттерін беліп карал, оны бір ғана қырынан дамытуға күш салып, тәрбие барысында ақыл-ой немесе деңе тәрбиеін дамытуға бет бүрдік. Бала тәрбиеінде бұл қасиеттерін бірінсіз-бірін дамытуға болмайтынын, олардың бірімен-бірі тығыз байланыста болатынын [4] өздерінің ғылыми ендектірінде атап көрсетеді.

Ұлттық қымыл - қозғалыс және спорт ойындарымен жүйелі түрде жаттығу кезінде балалар мен жасесспірімдерін ағзасы және мүшес жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктері жоғарылап бұлшық-ет жұмыс қабілеттінің тиімділігі едәуір артады.

### Әдебиеттер

1. Танкеев М. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы 1996ж
2. Төтенаев Б.Т. Халық ойындарының тәрбиелік маңызы. – Алматы 1988ж
3. Бекбатшев Б.Т. Казахские национальные виды спорта и игры. – Алматы 1984ж.
4. Сағындықов Е.С. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы 1991ж

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТОҚЫМА ЖӘНЕ КИЗ БАСУ ӨНЕРІ

Жұмашова А.А.

Отыrap мемлекеттік археологиялық корық-мұражайы РМҚК, ОҚО, Отыrap ауданы, Шәуіллір ауылы, этнография ғылыми-зерттеу болімінің менгерушісі т.ғ.к.

#### Резюме

В данной статье автор подробно пишет об уникальных экспонатах, которые выставлены в Отарском государственном археологическом музее. Рассматриваются все виды изделий из войлока: история их создания, предназначение и т.д.

#### Summary

In this article the author writes about the unique exhibits located in the exhibition of Otrar state archeological preservation museum in detail. It is also informs about the types of the felts, their creation, predestination and etc...

Қазақ халқының қолөнері арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмірін көруге болады. Жүннен алуан түрлі бұйымдар жасау белгілі бір өнерді, шеберлікті қажет етеді. Қазақ халқында жүн түтіп, киіз басып, жіп иіріп, кілем, алапа, шекпен, ши токумен әйелдер айналысады. Қолөнер бұйымдары XIX – XX ғ. тән кілем, сырмак, текемет, тұс киіз, алаша бетіндегі ою - өрнектер қазақ халықының әдет – ғұрымен, тұрмыс - салтын, қәсібін табигат қөріністерімен астасыра бейнелейді.

Тоқыма және киіз басу өнерінің тарихы тым теренде жатқанымен олар тез бұзылатындықтан бізге құптарлық дәрежеде жетпеген. XI-XIV ғ.ғ. ортағасырлардағы араб-парсы деректерінде: оғыз, қыпшак, қанлы түріктер, жүннен жасалған бұйымдарды жасауда ең шебер халық деген, ал киімдері де солай тоқылған деп жазады. XI-XVI ғ.ғ. зерттеушілері жүннен жасалған бұйымдардың Қазақстаның ортағасырлық калаларында кең пайдаланылғаны туралы және Сырдария өзенінің бойындағы калаларда түйе жүннен киім тоқыған – ол сауданың көзі болған деп жазады. Бұл туралы деректер XIII ғ. тарихшы Нессеvi, итальян жазушысы Павел Иєрви Новокомский (XVI ғ.) тарихшы Матвей Меховский деректерінде жазылған. Қазақ халқының қолөнерін этнографиялық тұрғыдан XIX ғ. аяғында XX ғ. басы мен ортасында Т.К.Басенов, Н.Б.Бурундуков, А.Клодт, Н.А.Оразбаева, С.М.Дудин, А.Масанов, Э.Молодов, т.б. ал, XX ғ. аяғынан қазіргі кезге дейін А.Марғұлан, Х.Арғыбаев, Ә.Тәжімұратов, Ә.Жәнібеков, С.Қасиманов, Ж.Бабалакұлы, М.Токтабаева, Б.Қазиханова, Б.Байжігітов, М.Ш.Омірбекова т.б. ғалымдар зерттеген.

Хас шеберлідің күнды мұражалары Отыrap мемлекеттік археологиялық корық-мұражай қызыметкерлерінің әр жылдарды ғылымдастырылған этнографиялық экспедициялары барысында және халық қазынасына қамқор бола білген, қолөнерді шын сүйіп қастерлейтін қолөнершілер мен қарапайым сл азаматтарының мұражайға

сүйгә тартуымен жиналды. Олар тарихи-мәдени құндылыктарымыздың киелі мекені Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайында сактаулы.

Қазақ халқының езімен ежелден бірге жасап, атадан балаға езінің оміршемдігімен үзілмей жетіп, дамып отырған қасиетті тоқыма өнерінің баға жетпес айтулы туындылары-кешес мен бүтіннің ертеңде қалдыраш асыл мұрасы.

Тұкті кілем. Кілем току өнері ерте заманда пайда болғандығы археологиялық қазбалардан белгілі. Кілем бетіндегі сан киғы сәндік өрнектерге назар салған адам сол халықтың тұның тұрган өмірінің шешіресін көрсетіні анық.

Қазақ халқының қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі XIX г. 2 ші жартысы мен XX г. басы. Археологиялық қазба жұмыстары барысында жүннен жасалған бұйымдар табылған. Олар Алтай тауы, Башадар корғанынан үлкен Ұлагат өзені бойына осыдан 26 ғасыр бүрін қойылған Пазырық корғанынан табылған киіз, текемет, кілем, кіші кілемшелер. Алтай өнірінің халқының тұргын жайы қазақ халқының тұргын жайына ұқас болып келеді деп археолог С.И.Руденко жазған. [1, 49-53 б.б.]

Көлөнер бұйымдарының бірі кілем току тұрмыс қажетіне байланысты халық қолөнерінде ертеректен белгілі ел арасынан көнінен тараған өнер. Еліміздің тұқпір-түкпірінде кең тараған осы бір өнер түрінің орыс алып, бай мазмұнға ис болып, одан ері дамып отырған жері еліміздің онтүстік өнірі. [2, 56 б.б.]

Кілем тарихына келетін болсақ сонау сак дауірінен бастап кілем өнері дамыған. Ата-бабаларымыздың тұрмысы, құнделікі істейтін іс-әрекеті кілем бетінде бейнеленген. Кілемге көбіне қошқар мүйіз, тұмар, немесе су оюлар, гүл текес өрнектер, андар мен жан-жануарлардың әлемін бейнеленген. Мүйіз текес ою-өрнектерден – қошқар мүйіз, сыйық мүйіз, қырық мүйіз, ал есімдік текес ою-өрнектер – кос гүл, үш гүл, жапырак тәрізді, геометриялық дәлдікten салынған ою-өрнектер кілемде көп колданылады.

Қошқар мүйіз стиліндегі өрнек – билік пен берекенің, ізгіліктің көркем бейнесі. Ондағы ою-өрнектер жақсылықты мензейді, халқымыз оз қолөнерінде таланттары мен кабілеттерін колдана білген.

Кілемді халқымыз барышылтын, байлықтың белгісі деп білген. Қазақ халқының кілем току өнері XX г. басында шет мемлекеттерде көрсетілді. Мысалы, қазақтың тұкті кілемі 1910 жыны Мерв қаласында көрмөде көрсетілді. [3, 149 б.] Ал 1926 жылы Қазақстан кілемшілері Париз қөрмесінде жүлде алды. [4,54 б.]

Өнер зерттеуші Мұхамеджан Әлімбаев: «Кілемнің жеті қасиеті бар: тоқысан-өнер, басы бүтін дүние, жисан-байлық, берсен-тауір сыйлық, төсесен-мамық, жамылсан – көрпен, сатсан- малың, ілсан- сән-салтанатың!», -дейді. [5, 81 б.] Шындығында, кілем току каниша қажырлы еңбекті, ұлсық ой-күйлді қажет етеді.

Қазақстанның онтүстігінде тұкті кілем бетінде түсірілген ою-өрнектердің негізі мына үлгіде болып келеді: кілем оргасына шатыр гүл өрнегі үш немесе төрт жерден түсірілген түрі. Кілем оргасын қошқар мүйіз шеттері сыйнар мүйіз ою-өрнегімен өрнектеген, келесі түрі бетінде түтег үш гүл немесе кос гүл ою-өрнектері түсірілген, табигат көрінісін бейнелейтін жолбарыстың, бұғының, құстардың суретін бейнелейтін кілемдер және бетінде геометриялық өрнек, ак отау, тұмарша төрт құлақ өрнектері түсірілген түрі көп кездеседі. Кілем оргасына есімдік текес ою-өрнегі, айналасына сыйнар мүйіз, сыйық мүйіз, шетінде су өрнегі түсірілген түрі. Тагы бір оргасына шатыр гүл, шеттеріне есімдік текес ою-өрнектер, сондай - ак оргасына ромб өрнегі, шеттеріне де ромб өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Кілем өрнегінде

әсіресс қызыл фонға, көк, сары, ак түсті өрнектер көбірек жүргізіледі. Отырар мұражайының қорындағы мына бір кілемнің бетінде төрт табақ, оның ішінде төрт құлақ ою-өрнектері түсірілген. Келесі түрі оргасына қошқар мүйіз ою-өрнегі, сонымен келесі есімдік текес ою-өрнектер түсірілген түрі де көп кездеседі.

Тақыр кілем. Тақыр кілемнің түкті кілемнен айырмашылығы жібін терме алашаға иірітгендей екі тіндел шираталы, теріп току әдісі колданылады. Тақыр кілемге теріп току әдісі арқылы геометриялық сыйық сыйықтар бетінде қошқар мүйіз бен шатыр гүл өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Тақыр кілемнің сапасы мен құндылығын басқа да үй жиназдарымен салыстыратын болсақ тұтынуға да, тәссеуге де төзімді, берік, онайлықпен тозбайды. Сондай-ақ, оны көшшілігінде ешкі жүннен иіріп тоқыттыңдаткан, шаш-тозацан оңай тазартып алуға болады, ері жұмсақ тәсепніштің төзімділігі соншалық көп уақыт пайдаланады.

Алаша. Құні бүтінге дейін ез маңызын жогалтпай келген дәстүрлі өнер үлгілерінің бірі - алаша. Оны току үшін түйе, немесе кой жүні керек болға. Алашаның тоқылу тәсіліне қарай түрлі атаулары бар. Олар бояулы алаша, бояусыз алаша, жіп алаша, жол алаша, өрнекті алаша, терме алаша, тақыр алаша, қакпа алаша т.б.

Еліміздің онтүстігінде орама алаша, қакпа алаша, терме алаша түрлері кен тараган. Олардың бетінде түсірілген ою-өрнек негізі шынжара, балдақ, өркеп, тарақ өрнектері, ал шеттеріне мүйіз өрнек, ала күрт, жұлдызша, сыйық мүйіз өрнектері кең колданылады.

Талдықорғаңда алаша бетінде тарақ, балдақ, тұмарша, ирек су, сыйнармүйіз өрнектері түсірілген түрі, Семей өңірінде жұлдызқұрт атты ою-өрнек түсірілген. Ол ак пен қарадан, қызыл мен жасылдан, кок пен сарыдан бунакталып келеді. Шығыс Қазақстан облысында алаша бетінде түтег ромб өрнегі, Батыс Қазақстан облысында алаша бетінде түтег ромб өрнегі оның ішінде сыйнар мүйіз өрнегі түсірілген түрі, ал, Қызылорда облысында тарақ, сыйық мүйіз ою-өрнектері түсірілген түрі көп кездеседі.

Коржын. Өрмек құрыл тоқылатын қолонер үлгілерінің бірі коржынды жайлайуға шыққанда күнделікті тұрмыста көлікпен зат және тамак алып жүргуте пайдаланады. Коржын тұкті және түккіз болып тоқылады. Оның өрнектері кілем және терме алаша өрнектері тәрізді болып келеді, геометриялық, тұмарша, мүйіз өрнектері, ирек, ілтек, қошқар мүйіз, кос мүйіз, сегіз жапырак, жұлдызша, ромб тәрізді өрнектер. Шығыс Қазақстан облысындағы коржын бетінде кигаш майда ромб өрнегі түсін. Алматы облысында есімдік текес, ромб, бестаңба ою-өрнектері түсірілген түрі көп кездеседі. Бестаңба ою-өрнегі дүниенің торт бұрышын шартын түрде бейнелеу үткімын билдіреді. [6, 50 б.] Қызылорда облысында алаша, немесе аламыш ою-өрнектері түсірілген. Ол көп түсті жолақтардан құрады. Сол жолақтардың ішінде геометриялық фигуралар текес немесе мүйіз өрнектерінің желеді түрлерінен құрадын түрлі-түсті оюлар түсіріледі. Онтүстік Қазақстан облысында коржын бетінде бір гана ірі ромб түсін де оның айналда шеттеріне сыйық мүйіз ою-өрнегі түсірілген түрі сондай-ақ бетінде түтег мүйіз ою-өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Отырар мұражайының қорындағы коржынның ою-өрнектері мына үлгіде болып келеді: бетінде бір гана ромб түсірілген, шеттеріне сыйық мүйіз ою-өрнектері түсірілген оны айналдыра осімдік текес ою-өрнектер түсірілген. Келесі түрі ромб ішінде сыйық мүйіз ал шеттеріне тұмарша ою-өрнегі, сегіз бұрыш ою-өрнегінің ішінде сегіз жапырак ою-өрнегі оны айналдыра торт құлақ ою-өрнегі түсірілген.

Текемет. Қолонер үлгілерінің бірі киізге ою-өрнек түсіріліп басылған тәсепніш – текемет. Киіз басудың әдіс-тәсілдері ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаган. Ол

икемді, жұмсақ материал сондыктан көшпелі мәдениетте ең жағетті зат болды. Ертеде үзатылған кызынан үйнен салемде жаңынан таңдауда оның мүйізін анықтауда болған.

Текеметке салынған ою-өрнектер Қазақстанның әр өнірінде әр түрлі болып келеді. Еліміздің онтүстік өнірінде текемет бетіне сары, қызыл, кара бояулар көп пайдаланылады. Ою-өрнектері мына үлгіде болып келеді: ортасына тұтастай бір гана өте ірі ою тармағын тусіру немесе тұтас екі немесе үш ромб түсіріліп оның ішіне қошқар мүйіз өрнек салынып, жиектеріне айналдыра сынар мүйіз өрнектер, сондай-ақ кос мүйіз, каз мойын өрнектері түсірілген түрі көп тараған.

Геометриялық өрнек тобына жататын ромбы өрнегін Орталық Қазақстанда айшың, Солгүстік Қазақстан облыстарында екі көзді, Онтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында шаршы деп атайды. [7, 3 б.]

Батыс Қазақстанда текемет бетіне үш немесе төрт жерден шенбер ішіне сынар мүйіз өрнегі айналдыра түсірілген түрі көп кездеседі.

Қызылорда облысында текеметтің бірнеше жеріне ромб тәрізді өрнек түсіріліп, оны айналдыра қошқар мүйіз өрнегі салынған түрі. Отырар мұражайының корындағы текеметтердің ішінен ОҚО, Отырар ауданының Аккүм ауылының колонер шебері Несібелі Әбдіхалықовадан айналған текеметті ерекше атауга болады. Оның ортасына үш жерден торт құлак, қолтықшаларына сынар мүйіз ою-өрнегі түсірілген. Ал келесі түрі ромб ішіне қошқар мүйіз, ал шеттеріне сынар мүйіз ою-өрнегі түсірілген. Әдетте текеметтің көлеміне қарай оған іріл, уақыт әр түрлі сәнді әшекей өрнектер салынады.

Сырмақ. Қолөнер үлгілерінің бірі сырмактың көлемдері жағынан да, бетіне түсірілген ою-өрнектерінің ерекшеліктері жағынан да бірін-бірі қайтала марапаттың сан түрлі сырмактар бар. Олар ақ сырмак, кара ала сырмак, жиекті сырмак, дебіске сырмак деп аталағы. Сырмақ жасалатын киң ою салуға, жиектеуге бөгет болмай тегі жасалады, ол ақ немесе пыымқай кара болуы шарт. Сырмақтың ортасындағы ою-өрнектер бір түсті мәнерде ойылып әр түрлі жібек жілтермен әсемделіп кестеленеді де калып киізге жапсырылады. Ал, келесі түрі кой жүнінің екі түрін алған оюлап жасайтын болған. Тұтас үлкен кара киң бетіне ақ киізден ойылған оюга, ақ киң бетіне кара киізден ойылған оюға жиек басып сырмактың сирады да киіздің үстін түтедей тігін шығады. Сырмақ сируда ірі ою-өрнектер кеңінен қолданылады.

Отырар мемлекеттік археологиялық корық-мұражайының корындағы сырмактарға тоқталатын болсак; сырмактың ортасына үш жерден ірі ромб түсініп торт құлак өрнегі түсірілген. Соңсaн ромбының сыртынан үлкен торт бұрыш ішіне алған. Оны айналдыра мүйіз өрнегі түсірілген түрі. Ұзындығы – 2 м. 90 см. Осы аталаған ою-өрнекті сырмактар Отырар мұражайының корында көп кездеседі. Келесі түрі сырмак бетіне ірі қошқар мүйіз шеттеріне сынар мүйіз ою-өрнегі түсірілген түрі. Тағы бір түрі сырмак ақ киізден басылып бетіне сынар мүйіз, шеттеріне шет ою-өрнегі түсірілген. Ұз.-2м. 98 см.

Қазақстанның әр өнірінде сырмак өрнектерінің ерекшеліктері бар. Онтүстік өнірінде сырмак бетіне ірі-ірі торт құлак өрнегі үш жерден түсіріліп оны айналдыра мүйіз өрнегі түсірілген түрі, сондай-ақ бетіне екі немесе үш жерден ромб түсіріліп оның ішіне торт құлак шеттеріне айналдыра кос мүйіз өрнектері түсірілген түрі көп қолданылады. Семей өнірінде кездесетін сырмак бетіне гүлді тұспалладап тұратын айға, мүйізге, жапыраққа ұқсас элементтерден құралған шынығул ою-өрнегі түсірілген. Келесі түрі сынарокшы, торт құлак, арқар мүйіз ою-өрнектері түсірілген түрі көп кездеседі. Алматы облысында сырмак бетіне осімдік текстес, торт құлак, кима ою-өрнектері, Талдыкорғанда, Караганды облысында сырмак бетіне торт құлак, арқар

мүйіз ою-өрнектері түсірілген түрі көп кездеседі. Шығыс Қазақстанда сырмак оюларына есімдік элементтері кеңінен қолданылып, тіпті баскаша сипат алады. Оюларын кестелеу мәнерімен нақышына келтіріп жасаған.

Орталық Қазақстан, Семей өнірінде сырмактың кой жүнінің ақ, кара, коңыр, боз түрлерінен екі түрін алғып жасайтын болған. Ал, сліміздің Онтүстігінде сырмак ашық түсті, бірнеше бояуға боялып оюланатын болған.

Тұс киіз – етүсті барқыттан, жібектен, шұға т.б. материалдардан ойылған өрнектердің жұқа әрі тығыз орналасқан ақ киіз шаршысына жапсырып, қабыргаға кілем орнына ілестін төсенніш. Тұс киіздің түрлі матадың бетіне кестелеп ою-өрнектер түсірілген түрі де бар. Қазақстанның әр өнірінде кездесетін тұс киіздің өз ерекшеліктері бар. Онтүстік өнірінде тұс киіздің ақ немесе кара киізден басып бетіне матадан ойып өрнектер түсіреді де шеті шыт матамен комкеріледі. Тұс киіздің бетіне ромб ішіне торт құлак өрнегі түсірілген, шеттеріне сынар мүйіз ал одан жогары мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Тұс киіз жасауды шебер киіздің бетін оюлайтын маталарды өзінің ұнатуынша таңдал алады. Ал шетін бір түсті матамен көмкереді. Отырар корық-мұражайының корындағы тұс киіздің мына бір түрі ақ түсті жүнінен басылып бетіне торт құлак ою өрнегі матадан ойылып шетін шыт матамен көмкерген. Ұзындығы – 2 м., ені – 86 см, ені – 1,78 см. Келесі түрі кара түсті жүнінен басылып ортасына тұтас торт құлак, шеттеріне күс тұмсық ою-өрнегі түсірілген. Ұзындығы – 3 м.29 см, ені - 1 м.58 см.

Аяққап – атқарар міндетті бірдей болғанмен сыртқы пішіні көркемдік көрінісі әр жерде әр түрлі. Кейбіреулері торт бұрыш, қайсыбірі дөгал болып келеді. Ал оған әр түрлі киыктан кұралып жапсырылған ою аяққаптың өн бойына көлеміне өте шак, женіл сипат алады. Киізден жасалған ыдыс-аяқ салатын әшекейлі дорба – аяққаптың бірнеше түрі Отырар корық-мұражайының корында сактаулы. Биіктігі – 87 см., ені – 64 см., болып келетін аяқ қаңтыйынан киіздің бетіне кос мүйіз, қошқар мүйіз, мүйіз ою-өрнектері түсірілген.

Киізден жасалатын айнақап опа, айна тәрізді сәндеуete қажетті бүйімдарды салып шымылдыққа іліп қоятын бүйім. Айнақап төртбұрыш пішінді тұмарша тәрізді, қакпагы жабылатын етіп ақ киізден жасалады. Оңдағы ою-өрнектер көбінесе мүйіз текстес болып келеді. Киізден қурап үй тұрмысына қажетті жасалған аяққап, айнақап сияқты бүйімдардың бетін қолдан әшекейлеп тігетін болған. Олар киіз үйдің ішін жабдықтап безендіруде қосылар жасау болған. Ойткени олардың көркем ою-өрнегі киіз үйдің ішінде үндестік тауыш тұтасып жатқан.

Жүнінен жасалған бүйімдардағы ою-өрнектерді мәнерлеп өрнектеу әр түрлі айшықты бояу қолдану тоқушының қиялына, іскерлігіне, талғамына байланысты болды.

Еліміздің әрбір аймағында оюлар әр түрлі үлгіде дамып, өз ерекшеліктері болған. Соған қарамастан барлық ою-өрнектердің бастапқы элементтерінің негізі мүйіз текстес ою-өрнектер болып саналады.

Қазақ халқының откен тарихын тарихи-мәдени құндылықтарымыздың кислі мекені – мұражай арқылы жас ұрпаққа таңытудың маңызы зор. Онтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық корық-мұражайының корындағы жүнінен жасалған бүйімдер мұражай қызметкерлерінің әр жылдары үйлімдастырылған этнографиялық экспедициялары барысында және халық казынасына камкор бола білген колөнерді шын сүйіп кастерлейтін колөнершілер мен ел азаматтарының мұражайға сыйға тартуымен жиналды.

Отырар мемлекеттік археологиялық корық-мұражайының қызметкерлері үлттық мәдени маңызы бар заттарды іздестіру мақсатында Онтүстік Қазақстан

облысы Шардара, Арыс, Ордабасы аудандарында «Өресі биік, өрісі кең онер», Кызылорда облысы Қармакипы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында «Өнер көзі халықта», Отырар ауданында «Қолөнер – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы» атты тықырыптарда этнографиялық ғылыми-зерттеу экспедицияларын үйимдастырып, иштегесінде ел арасынан жүннен жасалған кілем, сырмак, алаша, коржын, тұс киіз, текемет т.б. заттарды тауып мұражай қорына еткізді.

Қолонеріміздің озын үлгілерін қаймағын бұзбай қазірге дейін жеткізіп, өнерін кейінгі үрпакқа өнеге етіп үйретіп отыраған, он саусағынан өнері тамған сырмак сыру, кілем, алаша току, тексмет басу өнерін жалғастыруши ісмер, шебер, апаларымыз ел арасында қазір де баршылық. Атап айтатыны болсақ, ОҚО Отырар ауданында Әбдіхалықова Несібелі, Бейсенова Тұмаркул, Әлімқұлова Сәрсенкүл, Қаратасева Қалдықызы, Серікбаева Тұрғанкул, Рахматуллаева Ақұлтай, Тағаева Жібек, Қаратасева Қалдықызы, Борібекова Таңсұлу, Қөпесова Шолпан, Жүсінбек Шолпан, Алимқұл Сорсенкүл, Арыстанбаева Құлттай Шардара ауданында Дабысова Ибаш, Исаева Үрпия, Иізова Батима, Айшуақызы Үрпіша, Борібекова Сәрсенкүл, Жолдыбайқызы Аманқұл, Қызылорда облысында Шолпан Садуақасқызы, Қалендер Зылиха, Қалиева Қалима, Нәбиева Набат, Қалиева Бибайша, Мақантасева Ырысалды. ОҚО Шұбарсу елді мекенінің қолөнер шебері Тұрғанкул Ізтайқызы, ОҚО, Арыс ауданы Дерменс елді мекенінің қолөнер шебері Құрманжоева Жадыра, ОҚО, Созак ауданында Зейтұнова Тәжбан, Жақсылыққызы Мейрамкул, Дастанқызы Мәрияш, Батыршаева Маржанкул, Бимендиева Қалдықұл, Нұржанбаева Аманқұл.

Экспедиция барысында қолонершілердің өздері тоқыган қазақ халқының үлгітің үлгісіндегі сырмак, тұкті кілем, кілем коржын, ақ басқұр, аяқ кап, текемет, терме алаша, какпа алапа т.б. туындыларына қарап шеберлердің қияльна таң қалдық, бояулары бір-біріне үлесімді, оюлары жатық болып келтін, көз тартар сәнділігімен, үздік орында шеберлігімен ерекше көзге түседі.

Қазақтың кең байтак, ұлан гайыр шексіз жатқан жерінің көнсө дәуірден бастап қазіргі үрпактың өсіп-өнген дәуірімізге дейінгі кезеңдерде небір тарихи дәуірлерді бастан кешкені белгілі. Азаттықтың арайлы танымен бірге бар мен жогымызды түгендер кесел үрпакта аманаттау керектігі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында айтылды. Осыған байланысты Отырар өнірінің мәдени мұрасын зерттеуде Отырар корық-муражайының қызметкерлері өз улестерін қосып келеді.

Қолонер бүйімдары ел тұрмысына сән беріп, адамдарга рухани ләззат әкелген, халық өмірмен бірге жетіліп келе жатқан өнер. Ертедегі ата-бабаларымыздың қолонер үлгісін, шеберлігін сактап қалып, кейінгі үрпакқа жеткізу, үйрету бүтінгі танда иғілікті іс болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Жәнібеков. Ұақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992 - 49-53 б.б.
2. Жүннен жасалған бүйімдар. – Алматы, 1990 – 56 б.
3. А.Х.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. – А.: Өнер, 1986 – с.32.
4. А.Х.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-ата: Өнер, 1986 – с.149.
5. М. Ш. Өмірбекова. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. – Алматы: Кітап, 2004 – 50 б.
6. Ә.Тәжімұратов. Шебердің қолы ортак. – Алматы: Қазакстан, 1977 – 54 б.
7. Әмбет Займоглы. Студенттердің кілем өнері арқылы педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың дидактикалық шарттары. - Түркістан 2008. 3 б

#### ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҚОЛӨНЕР БҮЙІМДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кемелова Қ.Ш.

Отырар мемлекеттік археологиялық корық-музейі, Қазақстан, Шауїлдір

Резюме

В статье анализируются украшения, которые легли в основе всех видов украшения, образованном в древние времена казахов и типы украшений

Resume

The article analyzes the ornaments which were the basis in all types of decoration formed in the remote times of Kazakhs and the types of the ornaments.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолонерінің түрлері де, атаулары да ете көп. Солардың ішінде халық арасында көбірек тарағаны-ою-өрнек. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ак корөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсемдел әшекейлеудің негізі болып келеді. Ою деген сөзben өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің үгымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиуластырып жасау, бір нәрсенін бетіне ойып бедер түсіру деп түсініміз. Қазақ көбінесse бір өрнек салып қылған алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмактың қылғын, сондай-ак барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатыш, бояц, калыңтап істеген көркемдік әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесse ою-өрнек деп қосарлана айтыла береді.

Қазақ үлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаган ғасырлық тарихы бар, атадан балаға, үрпактан-үрпакқа мұра болып, үнемі қолданыста дамып келе жатқан өнер түрінің бірі осы ою-өрнек саласы.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы Y-III ғасырлар аралығында Алтай өнірінен, Қара төзі төскейніне дейінгі сайдын даланы мекендеген түркі халықтарының түп аталары- байргы Сактар әлемдегі мәдени өмірдің ешпес асыл мұраларын өнер жарықтарын қалдырган. Атамыш өнер кезеңіне Академик Әлікей Маргулан «Андағы мәнер» деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазакстаннан қазылып алынған «Алтын адам» кімі осы аңдабы мәнерінде жасалған өрнек. Мінс, қазақ халқының ою-өрнек өнері, осылайша түркі халықтарының, яғни ежелгі сақтардың өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабактасып отырады. Негізінен, қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір аймағының өзінің стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Соган қарамастан барлық оюлардың бастапкы элементтің негізі- «мүйіз» текстес ою-өрнек болып саналады. Халқымыздың тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, току, қурау, еріту, балқыту, кио арқылы үй жиназдарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бүйімдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, коржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, бесендіріп отыраган. Зерттеуші Галымдардың пайымдауынша қазақ ою-өрнектерінің 250-дей түрі анықталған. 1 Дәлірек айтсақ, белгілі этнограф С.Қасиманов көне ою-өрнектердің 200- дейін, сол атаулардың 50-дейінің мазмұнын ел арасынан жинап, қағазға түсірген.

«Мүйіз» оюы қазақ халқының ою-өрнегінің төркіні деуге болады, ойткені барлық жаңа элементтер соның негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отыраган. Жалпы, ою-өрнектердің мазмұны мен маңызы мал өсіру, ашылышы, жер-су, қөшіп-қону сияқты көрнестерін, қүнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сырткы бейнесін түспалдайды, бірақ қолонер саласындағы қай бүйімді алсақта, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» текстес ою-өрнектер.